

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№5 (64)
30 тамыз 2015 жыл

SWWS

Павлодар жастарының газеті

КЕЛЕШЕККЕ КЕМЕЛ БІЛІММЕН!

Келешекке - кемел біліммен!

«Оқу — азық», - дейді жұрт, - «ақыл — дәрі»,
Ақылды адам қашанда батылды әрі.
Елімнің кемел білім ақ ордасы —
Сұлтанмахмұт Торайғыр атындағы.

Мұратыңа жетерсің анық термен,
«Жан азығы — білім» деп дәріптелген.
Павлодар мемлекеттік оқу орны,
Жастарға болашаққа бағыт берген.

Сенен өзге жерден бақ таба алмадым,
Орындалды студенттік бар арманым.
Кәсіби шын даярлап шығарады,
Елімізге білікті мамандарын.

Баураған кең біліммен от сананы,
Барша ұжым сол үшін ат салады.
Түрлі маман даярлар оқу орын —
Инновацияланған көп салалы.

Түймесең басқа білім, дем тарылар,
Білмесең ПМУ-ді, кел, танып ал.
Мен білетін ПМУ — ең үздігі,
Мен танитын ПМУ — ең танымал.

Жүре алмаймын халқымның сырын бүге,
Біздің күш — бейбітшілік, бірігуде.
Болашақта бақытты болғың келсе,
Жас талапкер, келіп, түс ПМУ-ге.



С.Торайғыров атындағы
ПМУ студенті
Мұрат Марғұлан

**ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ
ЕР ЕСІМ**



**ТАРИХИ ЗЕРДЕНІҢ
ЖАҢҒЫРУЫ:
АҒЫЗ ӘЛДЕ ҚИЯЛ?**



**Лауиза Серғазина:
ХАЛҚЫМА МЕДЕУ
БОЛҒАН ЖЕҢІС**



**Жұмабек Сманов:
ГАЗЕТТЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕКІНІҢ
БІРІНЕ БЕРІЛЕ БЕРМЕЙТІН БАҚ**



**БІРЛІГІ
ЖАРАСҚАН ЕЛІМІЗ**



есім
хан

Жамағат құлақ салып тыңдасын да,
Қазаққа әділдікпен патша болып,
Есім хан ел билеген өз тұсында.

Ол өзі жұртын сұрап даналықпен,
Мекен ғып тұрған Сырдың жағасында.
Қақ жарған қара қылды әділдікпен,
Халықтың алған ықылас- батасын да.
Сол кезде жерге талас қазақ, қалмақ,
Сыр өзен Қамыстақтың арасында.

Алада, астам көңіл шапқыншылар
Алдында кім тұрғанға қарасын ба?
Осындай сабаз басшы тұрған кезде
Сұмырай жау елді басып ала алсын
ба?

Жүреді қалай тартса қалам деген.

Немене теңсіз болса заман деген?

Азырақ Дорбанқоран сөз бастайын

Қазақты бір-ақ жалмап алам деген.

Дорбанқор қалмақтардың ханы еді.

Көп жерге қанды ойран салып еді.

Ол өзі батырсынған өте жауыз,

Зорлықпен талай елді алып еді.

Басынып қазақ халқын көзіне ілмей,

Топтанып Қамыстаққа барып еді.

Тұмсығы тасқа тиіп келген жерден,

Қазақтың батырлығын танып еді.

Мың кісі Қамыстаққа Дорбан барды,

Қазақпен он сегіз күн соғыс салды.

Ақыры соққы көріп біздің жақтан,

Мыңнан үш жүз адам әрең қалды.

Жазуға қалам алыпбасшым қағаз,

Есім хан — тым айлакер, әділ сабаз.

Еліне даналықпен басшы болып,

Дұшпанды соққылап ед көтертпей бас.

Тазартып туған елін құтқаруға,

Сайланып атқа мінді кәрі мен жас...

«Бабалар сөзі» жүзтомдығынан үзінді
(Бабалар сөзі 56 том, Тарихи жырлар,
Астана, Фолиант баспасы, 2009 ж.)

ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ
ЕР ЕСІМ

Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңде, яғни Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандардан бастап Тәуке ханға дейінгі екі жарым ғасырдай созылған уақыт ішінде қазақ мемлекетін жиырмаға жуық хандар басқарған екен. Осы кезеңде Қазақ хандығына көршілес болған көптеген мемлекеттер өз дамуының ішкі және сыртқы жағдайларына байланысты саяси тізгінінен айырылып, басқа біреудің жетегінде кетсе, ал кейбіреулері бірнеше рет өздерінің билеуші әулеттерін өзгертеді. Ал қазақ мемлекеті болса, XV-XVIII ғасырлар аралығындағы тарихтың әр түрлі сыны мен тезіне төтеп беріп, жаңа заманның табалдырығына аяқ басады. Бірінші топқа — қазақ мемлекетін құруда, нығайтуда, сыртқы жауларға қарсы күресте жетекші рольдер атқарған, ішкі бірлік пен тұтастықты сақтауда көп еңбек сіңірген хандарды жатқызсақ, екінші топқа — өздерінің билігі тұсында қазақ мемлекетінің саяси, әскери, экономикалық қуатын әлсіретіп алған хандарды енгіземіз. Керей мен Жәнібек, Бұрындық пен Қасым, Хақназар, Тәуекел, Жәңгір, Тәуке хандармен бірге осы топтың ішінде Есім хан да өз орнын ойып алады.

ХАН БОЛУ ЖОЛЫ

Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болды, оған бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауреннахрға жасаған жорықта ерекше көзге түскені үшін берілген екен. Есім хан — Шығай ханның баласы, ол бұрын қазақ хандығының Түркістан қаласындағы хан ордасында тұрған. Есім ханның нақты қай жылы дүниеге келгені белгісіз, бірақ оны шамалап айтуға болады. Қадырғали Жалайыр дерегіндегі Оразмұхаммедке қатысты «Сегіз жасында атасы Шығай ханнан айырылды. ...Он үш жасында өз әкесі Ондан сұлтан шахит болды. Он алты жасында бүкіл христиан падишахы Борис Федоровичке қызмет істеуге дайын болды» деген мәліметтерден Есім ханның ағасы Ондан сұлтанның 1555 жылы туып, 1585 жылы қаза тапқанын білгеннен кейін, інісі Есім ханды шамамен 1560 жылдың о жағы мен бұ жағында дүниеге келген деп есептейміз. Есім хан — XIII ғасырдың 20-шы жылдарынан бері Дешті Қыпшақ аумағында үздіксіз билікте болған Шыңғыс әулетінің өкілі. Шыңғыс ханнан Есім ханға дейін он алты ата болған. Оны былайша беруге болады: Шыңғыс хан → Жошы хан → Орда Ежен → Сартақтай → Қоныша → Баян → Сасыбұқа → Ерзен → Шымтай → Орыс хан → Қойыршақ → Барақ хан → Жәнібек хан → Жәдік → Шығай хан → Есім хан. Оның ата-бабаларының бәрі дерлік билікте болып, Алтын Орда, Ақ Орда секілді мемлекеттердің тарихында ерекше роль атқарған.

БИЛІГІ

Хан тағына отырған соң Бұхарамен бітім-шарт жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді.

«Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңды құрастырды. Есім ханның қазақтарды бір орталыққа бағындыру саясатына қарсы болған сұлтандар қазақ хандығын бөлшектеуге тырысты. Ташкент қаласы қазақ хандығына қараған соң оны Жәнібек ханның немересі, Жалым сұлтанның баласы Тұрсын Мұхаммед сұлтан басқарған еді. Ол көп ұзамай тәуелсіз хан болуға әрекет жасады. Тіпті өз атынан ақша соқтырып, «бажы және хараж» алым-салықтарын жинады. Сонымен, қазақ хандығын екіге бөліп, Түркістан қаласын орталық еткен Есім хан, Ташкент қаласын орталық еткен Тұрсын хан билеген еді. Бұлардың арасында соғыс қақтығыстары болды. Бұл екі жақ ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ билеушілерінен өздеріне одақтас-жақтастар іздеуге кірісті. Есім хан тобы Яркент хандығына қарсы болып Турпанды билеген Әбдірахим ханмен одақтасты. Ал Тұрсын Мұхаммед хан жағы Яркент билеушісі Шажайдың Ахметінің жақтасы болды. Бұлармен одақтасып отырған Әбдірахим мен Ахмет те бір-бірімен жауланып отырған билеушілер болатын. Есім хан өзіне мықты сүйеніш ету үшін Яркент ханы Әбдірахиммен құдандалық байланыс орнатты. Есім хан Әбдірахимнің қызы Патша ханымға үйленді де, ағасы Күшік сұлтанның қызын Әбдірахимге берді. Есім хан мен Тұрсын хан арасында күрес шиеленісе берді, 1627 жылы Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, қазақ хандығын өз қол астына біріктірді. Есім ханның феодалдық бытыраңқылықты жеңіп, қазақ хандығын біріктіру жолындағы күрестері қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырына өзек болған.

ТҰҒЫРДАҒЫ ЖЕТІСТІГІ

Есім ханның хан ретіндегі тарихи тұлғасын терең зерделей келе, одан

бірнеше ерекшеліктерді байқауға болады. Біріншісіне — жиырмаға жуық хан ішінде Қасым хан мен Тәуке хан секілді оның «Есім ханның ескі жолы» атты заңдар жинағын енгізуі жатады. Ал екінші ерекшелікке — оның хандық билікте екі рет болуын жатқызамыз. Басқа елдерде хандық билікте бір тұлғаның екі немесе одан да көп болғаны белгілі, ал қазақ мемлекеті үшін бұл жағдай ерекше болып саналады. Үшінші ерекшелікке — Есім ханнан бастап Иасы қаласы жаңа атауға — Түркістан атауына ие болып, Қазақ хандығының астанасына айналады да, Қазақ хандары Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің жанына жерлене бастайды. Сөйтіп Есім ханнан бастап Түркістан қаласының киелілік маңызымен қатар, саяси-әкімшілік және рухани орталық ретіндегі маңызы артады да, бірнеше ғасыр бойы қазақ еліне қызмет етеді.

Түйінсөз. *Есім — ірі мемлекет қайраткері, шебер саясатшы. Ол — ағасы Тәуекел ханның қасында жүріп, көпті үйреніп, мол тәжірибе жинақтаған, хан тағына есейген шағында отырған, халық есінде «Есім салған ескі жол» деген атпен сақталған ел басқарудың өзіндік ережесін шығарған қазақтың ұлы хандарының бірі. Оның кезінде Қазақ хандығында ыдырау болған жоқ, елді басқару бір орталықтан жүргізілді. Сондай-ақ, жекелеген тәуелсіз ірі қазақ сұлтандары іс жүзінде Есім ханнан тәуелсіз де болған жоқ. Есім ханның Қазақ хандығының ішкі тұтастықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге көршілеріне ықпал етіп, олардың ішкі ісіне араласып отырғаны да тарихи шындық.*

Дайындаған Ақмарал ЕРМАНАТ

ТАРИХИ ЗЕРДЕНІҢ ЖАНҒЫРУЫ: АҢЫЗ ӘЛДЕ ҚИЯЛ?

Қазақ халқының өзіндік жеке мемлекеттік бірлестігінің – Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығын тойлауға еліміздің барлық аймақтары дайындалуда. XV ғасырдың ортасында алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керей шейбанид Әбілқайырдан бөлек шығып, жаңа мемлекеттің іргетасын құрады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, бірнеше жылдар бойы қазақ хандары шейбанидтер әулетін оңтүстікке, Әмудария мен Сырдарияға аралығына қарай ығыстырып шығарады, олар бұл жерде Өзбек хандығын құрады, ал Ақ Орда Қазақ хандығына өтеді, оның басында Жәнібектің ұлы - Қасым хан тұрады. Қазақ хандығының бүкіл тарихы қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін күреспен байланысты. Дана хандар мен ержүрек батырлардың арқасында олжонғарлар мен шүршіттердің, қоқандықтар мен бұхарлықтардың көптеген соққысына төтеп берді. Бірақ отаршылдардың соққысына қарсы тұра алмады.

Қазақ халқының қаһарман қорғаушылары мен оның дана басшыларын мадақтайтын әндер, күйлер мен аңыз әңгімелер ғасырдан ғасырға жалғасып келеді. Кеңестік идеология олардың жасаған істері мен есімдерін халықтың жадынан шығарып тастай алмады. Халықтың еркіндік пен тәуелсіздікке деген талпынысына да бөгет бола алмады.

Тарихи зерденің жаңғыруы Тәуелсіздікке қол жеткізумен тікелей байланысты, ол жаңарған тәуелсіз Қазақстанның жас буынын, келешек ұрпағын тәрбиелеуде үлкен роль атқарады, оларды ең қауіпті рухани дерттен – мәңгірттік дертінен сақтайды.



Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев айтып кеткендей, дәл солар, яғни Қазақстанның жас азаматтары өз ата-бабаларының ұлы істерін болашақта жалғастырулары қажет. Жаңа «Қазақ хандығы тарихынан» атты музыкалық-поэзиялық топтама осы игілікті мақсатқа арналған, авторлары белгілі павлодарлық педагог – сазгер Назымбек Дүкенбай мен ғалым-ақын Серік Елікбай. Оның тамаша өлеңдеріне арналып музыка жазылды, бұл өлеңдер жеке дауыста да, симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен хордың орындауында да айтылады. Бұл тамаша топтаманың ішіндегі он ән қазақ халқының танымал ұлдарына арналғандығы тамаша әсер қалдырады. Олар – Жәнібек пен Керей, Өз Тәуке, еркін даланың соңғы жеңімпаз ханы Кенесары, сонымен бірге аттары аңызға айналған батырлар – Қабанбай, Бөгенбай, Баян батырлар. Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі үшін жанын қиған Оспан батырдың есімі Қазақстанда әлі кең танылған жоқ. Қазақтың бұл батыр тұлғасын бүкіл әлем таныды, ол туралы шет елдерде көп жазылды, батыр туралы әдебиеттердің көптеген саны Англияда, АҚШ-та, Түркияда бар. Ағылшындық Барнетт, Моррисон және Форбесстер оған арнап кітаптар жазды. Америкалық тарихшы Линда Бенсон 1988 жылы Іле қозғалысы туралы жазған кезде, өзінің кітабының тарауларының бірін «Қазақтардың алтын аңызы – Оспан батыр» деп атады.

Ату жазасының алдында, Үрімшіде, өзінің соңғы сөзінде Оспан батыр көшпенді қазақтың тарихындағы соңғы батырға лайықты мынадай сөздер айтады: «Кім де кім менің сезіміме, дініме, жеріме, халқыма қастық жасайтын болса – сол менің жауым болмақ. Ондай күрестен мен ешқашан бас тартпаймын». Тек қана тәуелсіздік алғаннан

кейін ғана Қазақстан осындай ірі тұлғасын қайтара алды. Павлодарлықтардың бұл жаңа топтамасында бүкіл халықтың сүйіктісі болған Бауыржан Момышұлының ерлігіне арналған өлең де бар.

Он шығармадан тұратын бұл топтама «Қазақелі» атты өлеңмен аяқталады, ол өлең бүкіл халыққа және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен халықаралық аренада үлкен беделге ие болуы үшін үлкен роль атқарған оның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа арналады.

Біз әзірге тек бірінші баспамен ғана шыққан топтаманың авторларының біреуімен кездескен болатынбыз.

ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА: НАЗЫМБЕК СӘБИТҰЛЫ ДҮКЕНБАЙ

– танымал педагог және сазгер, 20-дан астам оқу құралының, оқулықтар мен әндер жинағының авторы, С. Торайғыроватындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, Қазақстанның ЖОО-лары арасында өткен «Үздік ән мұғалімі» сайысының «Гран-при» иегері, «ЖОО-ның үздік оқытушысы - 2006» жүлдесінің иегері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, сазгер және 250-ден астам әннің авторы (соның ішінде 100-ден астамы балаларға арналған әндер).

– Назымбек Сәбитұлы, топтаманың авторына мұндай идея қалай келді?

– Мұндай топтаманы шығаруға бізге Елбасымыздың Астана қаласының белсенділерімен кездесуінде 2015 жылы қазақтардың мемлекеттілігінің 550 жылдығын тойлауы туралы айтқан сөздері түрткі болды. Осындай дана шешімімен, тарихи датаны – 1465 жылды атай отырып, біздің көптеген азаматтарымыздың жүрегіне ауыр жара салған, қазақтардың «жалған» мемлекеттілігі туралы барлық тарихи ақпаратты түбірімен жойды.

– Мен де сол күнгі эфирді рахаттана отырып еске аламын. Оның америка үндістері туралы айтқан әңгімесі есіңізде ме? «Бақыт байлықта ма?» деген сауалға халқы бүгінгі күні де резервацияда күн көріп жүрген, үндіден шыққан кинорежиссер былай деп жауап береді: «Мен өзімдегі және басқа да азаматтардағы бар байлықты менің халқымның бір күндік тәуелсіздігі үшін құрбан етер едім».

– Керемет сөздер. Біз музыкалық-поэтикалық циклдің болашақ жобасын Серік Елікбаймен талқыладық, оның қазақ халқының батырлары мен басшылары туралы бірнеше шығармалары бар (естуімше, оның «Керей мен Жәнібек» пьесасы Астана қаласының театрында қойылмақ). Біз тарихтың трагедиялық драмасына толып тұрған біздің тарихымыздың әр кезеңдерін қамтуға тырыстық. Төрт ән қазақ халқының хандарына арналған, бесеуі – батырларға арналады. Қазіргі Қазақстанның тарихы да назардан тыс қалған жоқ, топтамаға «Қазақ елі – мәңгілік ел» композициясы қосылған. Поэтикалық бөлімі дайын болған соң, әуенін жазуға кірістік. Содан соң шығармалардың аудио жазбаларының үлгілері жазылды. Жинақтың бірінші баспа шығарылымы

жүздеген беттен және CD дискіден тұрады.

– Мен қазақ хандығының негізін қалаушылары Керей мен Жәнібекке арналған әннің аудиожазбаларын тыңдадым, ең соңында әр қазаққа таныс, әр қазақ білетін «Елім-ай» әнінің әуені орындалады. Мұндай музыкалық шешім неге негізделді?

– Мұның жауабы Сіздің сауалыңызда жатыр. Халық әні болып кеткен және миллиондаған қазақтың жүрегінде жатқан бұл әнді кезінде Қожаберген жырау жазған екен. Ол өзі батыр болған адам, жоңғарлармен жан аямай батырлықпен күрескен. Бұл қай жердегі болсын, барлық қазақ үшін белгілі ән.

– «Керей-Жәнібек» әнінде мажор жоқ, ол минормен жазылған, бірақ та өте мықты, мәнді әуен, Қазақ хандығының негізін құраушыларға лайықты. «Елім-ай» әні де, дұрысы, жоқтау, жылау өлең емес, ол еркіндік пен тәуелсіздікке жетудің қиын жолы мен жеңісі туралы өлең. Жоба жұмысы қазіргі күні қай кезеңде?

– Міне, көріп отырғаныңыздай, бірінші баспа шығарылымы шықты. Енді топтаманы шығару үшін қажетті қаражат жағын қарастырамыз. Біздің шығармаларымызды орындауға ниет білдірушілер де табылды. Бұл «Шаңырақ» хоры. Б. Рақымжановтың симфониялық оркестрі де қалыс қалмайды деген ойдамыз. Топтама осы жылдың күзінде республикалық деңгейде (Тараз қ.) өтетін Қазақ хандығының 550 жылдық мерекелік шараларына Павлодардың Ертіс өңірінен «ән шашу және кітап» түріндегі лайықты сыйлық болады деген ойдамын.

– Оспан батыр туралы әндеріңіз үшін Сіздерге, авторларға үлкен алғыс білдіреміз. Ол ірі тұлға, ол туралы, өкінішке орай, қазақтардың өздері де көп мәлімет біле бермейді. Ол туралы көптеген мәліметтерді шетелдік дереккөздерден білуге болады. Жасырмаймын, мені таң қалдырған бір жайт – жинақта Абылай ханның ерліктері туралы айтылатын әндер жоқ екен. Бәрімізге мәлім, ең алғашқы рет Абылай ханды біздің Баянауыл жерінде әлемге әйгілеп, оны ата-бабаларымыздың дәстүрі бойынша ақ киізге көтерді. Дәл осы біздің жерімізде, Сарыарқа жерінде, орта жүздің батырларымен бірге ол жоңғарлармен соңғы соғысын жүргізіп, намыспен жауды жеңіп шықты. Осылайша, өзінің әскері мен өзінің есімін біздің тарихымызда мәңгілік етіп қалдырды.

– Біз жобаны алғаш бастаған кезде, бізге жиырмадан астам ән жазу ұсынылды. Ал осындай аздаған мерзім ішінде мұндай жұмыс жасау мүмкін еместігін өзіңіз де білесіз. Біз сан жағын көбейту үшін материалдың сапасын түсіріп алмауды ойладық. Ең соңында кейінірек екінші жинақты шығарамыз деген шешімге келдік. Ол жинақта ең алдымен Абылай хан мен оның ерліктері туралы ән болады. Сонымен қатар ол жинаққа қазіргі заманның батырлары – желтоқсанның құрбандары туралы әндер де енгізіледі. Бірақ ол әлі тек жоспарда ғана. Алдымен бірінші жинағымызды шығарып алуға Алла нәсіп етсін.

– Көптеген БАҚ-тарда, «Хабар», «24 KZ» арналарында Сіздердің осы тамаша топтамаларыңыз туралы хабарлар бар, ол туралы айтылды да. Жергілікті БАҚ оның кереметтілігі туралы, «мұндай» жинақтың Қазақстанда алғаш шығарылуы туралы айтып жатыр, Сіздердің бастамаларыңыз туралы олар біледі және қолдау көрсетуге барынша даяр. «Шын» сайтында тіпті әнді нотасымен де салды. Енді не себепті іс тоқтап қалды?

– Ендігі қалған іс – жергілікті биліктің шешімі. Бірінші баспа шығарылымын мен өз қаражатыма шығардым, бірақ менің оқытушылық еңбек ақым жүз данасын да шығаруға жетпейтінін білесіз.

Біздің сазгермен әңгімеміз көңілсіз нотада аяқталды. Астана қаласының



белсенділерімен кездесуде айтқан сөзінде Елбасы мынадай тамаша сөздер айтты: «Біз – ата-бабаларымыздың ұлы істерін жалғастырушылармыз». Біз бұл сөзді сұхбат барысында есімізге түсіріп отырдық. Билік басындағылардың барлығы, мемлекетіміз үшін осылай кеңінен, Президентіміз секілді ойлай ма екен деген ойға келдік... Қазақта «Әлі разы болмай, тірі байымайды» деген нақыл сөз бар.

Неге өзінің Отаны мен өзінің халқына қызмет ету үшін бар күші мен өмірін аямаған ел билеушілері мен батырларды еске алып, оларға осындай керемет өлеңдер мен тамаша әуендер арқылы алғыс білдірмесек? Мұндай шығармалар үлкен азаматтық күш-жігер береді, сонымен бірге болашақ ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда үлкен роль атқаратындығына сенімдіміз.

Екі павлодарлық – сазгер мен ақын – азаматтық құлшыныспен үлкен шығармашылық жұмыс жасады. Ақша да, атақ та талап етпестен, олар қазақ хандығының 550 жылдық мерекесіне орай жас ұрпақтың, жас қазақстандықтардың патриоттық тәрбиесіне өз үлестерін қосты. Неліктен мұндай игі бастаманы мемлекеттік деңгейде қолдамасқа? Мүмкін біздің кәсіпкерлеріміздің арасынан осы топтаманы шығаруға ат салысатын, үлесін қосатын патриоттар табылып қалар. Бәрін де уақыт көрсетеді.

Сөзімізді түйіндей келе, айтарымыз – өткен кеңестік заманға қандай көзбен қарасақ та, бір нәрсені мойындауымыз керек, ол – мемлекеттік идеологияның мықтылығы. Кеңестік батырларды дәріптеу арқылы кеңестік патриотизм қалыптасты, Юрий Гагарин мен Мәншүк Мәметованың, Зоя Космодемьянская мен 28 панфиловшылар елінің азаматтары осылайша өсті. Батырларымызды өлгеннен кейін марапаттап лайықты бағасын бергенше, өмірінде қандай құндылықтарды басшылыққа алатынын және өмірде кімнен үлгі алатынын білетін жастарға құрмет керек. Бірақ та, осы құндылықтардың еленбей жатқандығы көңілімізді жабырқатады.

Мая АХМЕТОВА



ХАЛҚЫМА МЕДЕУ БОЛҒАН ЖЕҢІС

Қарлығаш

Окопымның төбесінен
Сен шырылдап ұшып жүрсің,
Қасы қара қанатындай,
Түсіресің жарымды еске.

Ақ төсінді маған төсеп,
Неге аспанды кезесің.
Неге сонша қалықтап кеп,
Тас төбемнен төнесің.

Әлде соғыс өртіне сен,
Су сепкелі келдің бе?
Жау қолында зар жылаған
Адам мұңын сездің бе?

Әлде маған әкелдің бе
Сүйген жардан сәлемдеме ?
Жар төсегін жатқа салмай,
Күте ме ұзақ сәулем елде.

Жұмсады ма әлде сені,
Менің ерке құлыңшағым,
Күнбатысқа көзін тігіп,
Сарғая ма күтіп жаным.

Әлде менің мейірімді анам,
Жүрегінде қайнап кегі,
Жауды балам тез жойсын деп,
Жіберді ме айтышы сені?

Әлде маған кәрі әкем,
Ұрыса ма намыстанып,
Доннан көктей өріп шықпай
Жатырсыңдар дейме негін?

Шырылдамай шыныңды айтышы,
Уа, сүйкімді қарлығашым!
Сүйіктімнің еске салмай
Қанатындай қиғаш қасын.

Неге олай төбемде ұшып,
Шырылдайсың жауап бермей,
Сырыңды айтышы сөйлесуге
Түр ма әлде тілің келмей?
Әлде сүйрік тіліңді
Жылан жұлып алды ма?
Арыз ертіп, мұңын шағып,
Тұрмысың сен алдымда?

Сондықтан да шырлаймысың,
Жеткізе алмай жар сәлемін,
Құр қалықтап төбемде ұшып,
Шарқ ұрып көк әлемін?

Неге найза тұмсығыңды,
Күн батысқа тұрсың қадап,
Деймісің сен шабуылды,
Бастар тағы соққы сағат.

Шырылдамай қарлығашым!
Окопыма қоныш төмен,
Қанатыңа хат қыстырып,
Жіберейін елге сәлем.

Сарғайса да күн көрсін
Күдер үзбей қалқам менің
Алдағы ақтық айқастарда
Сындырып біз жаудың белін.

Желкідетіп жеңіс туын,
Қан майданнан оралармыз
Туған елдің жасыл белін
Сонда еркін аралармыз.

Окопымның төбесінде
Қалықтасаң қарлығашым,
Аруымның алам еске
Қанатындай қара қасын.

23.06.1943 Әбу әль-атырауи
Майдандағы Армия

МАЙДАННАН ХАТ

Ләзиза! Ең алдымен қуанышпен қол беріп, Сендерді бүгінгі майдандық жеңіспен – Харьковтің азат етілуімен құттықтауға рұқсат етіңдер! Бұл жеңіске біздің де қатысымыз бар. Біздің майдан жауынгерлері де үлкен ерлік істеді. Бұйрықта біздің қолбасшының да аты аталған.

Мен бүгін ғана тағы майданның қанды алаңынан қайттым. Тағы да өзіміздің жерлестер – қазақстандықтармен кездестім. Орденді майор Қасымбеков Қазиды (полк командирінің орынбасары), пульрота командирі, орденді лейтенант Махмұтов Жұматайды, бөлімше командирі Меңдігазин Мұқаашты (Бахтиярдың ағасы), зенитчик Әзімовті, артиллерист Жақупов Кішкентайды, тағы тағыларды кездестірдім. Соңғы ұрыста бұлардың барлығы да үлкен ерлік істеп, орденге ұсынылды.

Келген бойда Раяның, Бекеннің, сенің, Зияштың, Нұғманның хаттарын алып оқыдым. Сенің «Ақиық», «Ақын ұрпақтары» туралы пікіріңді айтқаныңа үлкен рахмет. «Ақиық» ол мақтарлық нәрсе емес, ал «Ақын ұрпағын» оқушылар жаман атамай жүр. Қазір басылып бітті, бірақ, тәуір жерлері қысқарып қалды. Бұны саған газетке жариялау үшін емес, архивке тізу үшін жібердім. «Шие ағашы» деген дастанды жөнелткен. Біздің газетімізді ЦК-ның үгіт-насихат бөлімінен алып оқы. Қош сүйдім. Әбуің.

24.08.1943 жыл.



Ләзиза Серғазинаның күнделігінен

6.05.45 ж.

Биылғы май мерекесі ерекше шаттық сезіммен өтті. Майдың 2-не Берлинді алу жалғасып кемерінен шығып толқыған қуаныш болды.

10.05.45 ж.

8 май күні соғыс біткені жарияланып, 9 май Жеңіс мерекесі тойланды. Төрт жылға созылған соғыс кездері өткізген күндер қорқынышты түстер сияқты. Осы соғыстың біткені өтірік пе, шын ба? – дегің келеді кейде.

Соғыс біткен хабар радиодан айтылғанда жұрттың бәрі көшеге шықты да, кездескен жұрт бірін-бірі құшақтап, танымаса да сүйе берді. Жүзде қуаныш, көзде жас, бұл күні қуанбаған адам өмірде қуана алмас.

Бұл соғыстың миллиондар жүрегіне салған дағы тым-ақ көп. Соғыс бітті. Аман қалғандардың беті елге бұрылар күн жақындады. Сол күні жан ашыры соғыста қаза тапқан жандар кімді қарсы алмақ. Кіммен қуанбақ! (Екінші жоқтау болар).

Осылай, менің де қуанышымда аз да болса көлеңкелегендей. Қайырылмайтын

хабары ... келген, тіпті хабарсыз кеткен туыстар қайда? ... Оларды ұмытып, қалтықсыз қуануға правом бар ма? Меніңше жоқ! Қуаныш үстінде оларды еске алуға тиістіміз. Жеңіске солардың төгілген қаны, тартқан азабы арқылы жеттік емес пе?

«Отанымыздың бостандығы мен тәелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!» деген сөз әр бұйрықтың соңынан айтылады.

14.05.45 ж.

Соңғы кезде үлкен өзгеріс болды. 8 май күні соғыс біткені жарияланып, 9 май жеңіс күніне арналған мереке болды. Халықтың ол күнгі қуанышының мөлшері болсайшы. Бір еркін демалған, ерекше шаттық билеген күн болды.

Халықтың қуанышы, халықтың жеңіс үшін бәрімізде қуандық. Бұл күні қуанбаған адам болмады.

Дегенмен, бұл соғыстың жүрекке түсірген дағы көп, халық берген құрбандық көп қой. Соғыс бітіп сау қалғанның беті бері бұрылатын күн жақындады. Сол күнде жақындады. Соғыс құрбаны

болғандар кімді қарсы алады. Кіммен қуанады. Екінші жоқтау күні сонда болмай ма?

Осы ой менің де қуанышымды аз да болса көлеңкелегендей болды. Өлім хабары келгендер, тіпті хабарсыз кеткендер, қадірлі туыстар қайда? Оларды ұмытып, қалтықсыз қуануға правом бар ма? Меніңше жоқ. Қуаныш үстінде де оларды еске алуға тиіссің.

Олардың еңбегі босқа кеткен жоқ, жеңіске солардың төгілген қаны, тартқан азабы арқылы жеттік. «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін» деп ұлы Сталин күнді айтуы әншейін емес. Олардың даңқы өшпейді. Халқыма медеу сол ғана.

Әбүден хат келмегелі 2 күн асты. Қуанышқа үлкен дақ салып тұрған нәрсе осы. Хат мұнша кешікпейтін. Аз-маз кешіксе бүйтіп сабырсызданбайтын да едім. Әлде, соғыс біткеннен кейінгі хатты асығып күтудің әсері ме!

Маған апрельде жазған хаты келсе де риза болар едім. Тек соңғы жазған бір хабары келсінші.



ГАЗЕТТЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕКІНІІҢ БІРІНЕ БЕРІЛЕ БЕРМЕЙТІН БАҚ

«Ертіс Медиа Холдинг» акционерлік қоғамы «Аналитикалық ақпарат» орталығының директоры, білікті журналист Жұмабек Смановпен бүгінгі өңіріміздегі журналистиканың дамуы мен жас журналистердің беталысы туралы әңгімелескен едік.

– Бүгінгі қазақ журналистикасы жайлы ойыңызды білсек.

– Бірде редакциямызға 29-ға жуық студентпен ұстаздары келді. Студиялық сабақ біздің редакцияда өтетін болды. Сол студенттерге неге көпсіздер? деген сұрақ қойдым. Олар әр түрлі жауап берді. Араларында журналист емес, дәрігер болуды армандаған бала да бар екен. Бірақ ҰБТ-да баллды төмен алғасын журналистикаға түсіпті. Міне, журналистикаға талабы бар да келеді, талабы жоқ та келеді. Көп адам журналистиканы еріккеннің ермегі деп ойлайды. Шын мәніне келетін болсақ, журналистика жігерлікті, жауапкершілікті талап ететін мамандық. Ол мамандықтың дипломын алу бар және сол мамандық бойынша еңбек ету, екеуі екі бөлек әңгіме. Ал сапалы жұмыс атқару тек мықтылардың қолынан келеді.

Ал бүгінгі қазақ журналистикасы дамымай тұр деген қоғамда пікір қалыптасқан. Осындай жаңсақ пікірді бұл салада түсінігі жоқ, газет оқымай тұрып өздігінен қате пікірді қалыптастырған адамдар айтады дер едім. Кезінде Нұртөре Жүсіп бастаған бір топ зиялы қауым қазақ журналистерінің жазған мақалаларын орыс тіліне аударып, арнайы газет ашты. Ондағы басты мақсат журналистерді көрсету, олардың не жазып жүргендерін паш ету еді. Жалпы, мықты журналист болу үшін мол тәжірибе міндетті түрде керек. Сондықтан жас журналистер өздерін барлық салада көру қажет. Сол кезде ғана өзінің арнасын табады. Жас маман газет, теле арна, радио, сайттарда жұмыс атқарғанда түрлі әсер алып, өздерін барлық салада сынап көруі қажет. Ал газетте жұмыс істеуді екінші біріне беріле бермейтін бақ деп есептеймін.

– Жас тілшілер мақаласына көбінесе қандай тақырыптарды арқау етеді?

– Ең алдымен редакцияға келген көп студенттер мемлекеттік тіл туралы

материалын алып келеді. Ал сол материалдағы басты мәселе – қазақ тілінің деңгейі түсіп кетуі. Осындай материалмен келген жас журналистке берер кеңесім, алдымен өз бойындағы бұл мәселені шешіп ал, яғни өзің тек қазақша сөйле. Елбасымыз «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесін» деген сөзді тектен-тек айтқан жоқ. Егер мемлекеттік тіл аяқтың астында жататын болса, сен және мен қазір қазақша сөйлеспес те едік. Осыдан жиырма жыл бұрын студент болып Павлодар қаласына келгенде, қазақша сөйлейтін орта аз болатын. Ал қазіргі таңда қазақ тілі барынша өрісін кеңге жайып келеді. Ал кемшілік жоқ деп айта алмаймын, кемшілік бар. Сол кемшілікті жасап жатқан өзіміз. Тіл мәселесін шешуді әркім өзінен бастағаны абзал.

Бүгінде жас журналистердің қаламы жылауық махаббаты жырлағанды әдетке айналдырған. Редакцияға әдемі бір махаббат хикаясын әкеледі. Қыз бен жігіттің бірін-бірі көруі, танысуы, сезімдерін білдіруі, олардың шаңырақ көтеруі. Содан әдемі басталған хикаяның соңы өкінішпен, ажырасумен аяқталады. Жылауық махаббатты жырлап емес, керісінше мәңгілік махаббатты неге жырламасақ? Қарт ата-апалардың 50 жылдан артық бір шаңырақтың астында өмір сүргені, «Ұлды ұяға, қызын қияға қондырған» өнегелі отбасы жайлы неге жазбасақ? Ұлы сезімді жырлау керек, мәңгілік махаббат үшін күресу қажет. Жас тілшілердің жылауық махаббатты жырламаса екен деген тілегім бар менің.

– Өңірлік журналистика қандай деңгейде?

– Өңірлік журналистикаға келер болсақ, Республика бойынша салыстырғанда Павлодар өңірінің журналистикасы жақсы дамыған деп мақтанышпен айта аламын. Өйткені, республикалық арналардың көпшілігінде жұмыс атқарып жатқан Павлодардың журналистика



мектебінен шыққан мамандары. Мысалы, Әйбек Қордабай, Ардабек Солдатбай, Жамбыл Зейнуллин, Айнұр Қоскина сынды көптеген журналистер Павлодар өңірінің журналистика мектебінен жетілгендер. Әрине, мұның барлығы тәжірибенің арқасында жеткен жетістік деп есептеймін. Студент кезден бастап редакцияның, телеарнаның және радионың табалдырығын тоздырған тілшілер бүгінде өз саласының майталманы болып жүр деп сеніммен айтамын. Осының барлығы өңірлік журналистика деңгейінің өскені. Бірақ көп жағдайда теориядағы журналистикамен тәжірибедегі журналистика алшақта жүреді. Осы жағынан біздің кем тұсымыз көп. Сондықтан да біздер жас тілшілерді бірінші курстан бастап өз редакциямызға шақырып, оларға кәсіби қолдау танытуға әзірміз. Қазіргі таңда кәсібінде биік дәрежеге жеткен журналистердің басым көпшілігі редакциядан түлеп ұшқандар. Бір сөзбен айтқанда өңірлік журналистика Республика бойынша алдыңғы қатарда тұр.

– Өңірдегі салалық журналистиканың дамуы жайында айтып берсеңіз?

– Көп жағдайда қазақ журналистерінің салалық журналистикада орыс журналистикасына қарағанда төменшік тұрады деген қалыптасып қалған стереотип бар. Алайда облыстық «Сарыарқасамалы» газеті редакторының орынбасары Нұрбол Жайықбаевтың «Алтын қалам» республикалық шығармашылық бәйгесінің бас жүлдесін жеңіп алғаны бұл сөздің жалғандығын дәлелдейді. Оның экономика тақырыбында жазған мақалалары еліміз бойынша үздік деп танылды. Демек, қазақ журналистері жаза алады деген сөз. «Жас Алаш», «Айқын» және өзге де қазақ басылымдарында жарық көрген тілшілердің еңбектері салалық журналистиканың дамығанына айғақ бола алады.

– Қызықты да танымды әңгімеңізге рахмет!

АТА ЗАҢҒА 20 ЖЫЛ

Тәуелсіздік алғалы еліміздің ішкі және сыртқы демократиялық жағдайы өсіп, өркендеп келеді. Мемлекеттіліктің нышаны - Ата Заң екені баршамызға аян. Ол елдің тірегі ғана емес, әр адамның жеке бас құқық кітапшасы. «Конституция» сөзінің мағынасы латын тілінен аударғанда «құрылыс» деген мағына береді. Ал қазақша мағынасы – ел, мемлекет болудың тетігі дегенді білдіреді. Сол себепті де Ата Заң – елдің басты тірегі.

Еліміздің Ата Заңы кешегі Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Өз Тәукенің «Жеті жарғысынан» бастау алатыны белгілі. Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасы 1995 жылы 30 тамыз күнін жалпы ұлттық референдум арқылы Конституциясын қабылдады. Ата Заң 9 тармақ, 98 баптан тұрады. Отанымыздың ұлтаралық жарасымдықты сақтап қана қоймай, барша Қазақ елінің азаматтарына құқық теңдігін көрсетті. Мәселен, 15-нші бабында: «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар» деген таңба қойып, адам баласының құқығының аяққа тапталмағанын қарастырады. Ал 16-ншы бапта «Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар» деп аса нақтылықпен баяндалып тұр.

Бір адамның ересек ғұмырына жеткен Қазақстан Республикасы Конституцияның осы жылдар ішінде атқарған қызметі мол. Ата Заң барша қазақстандықтардың қалауымен еліміздің Бас құжаты болып, бүгінгі күнде әділдіктің жаршысы ретінде қызмет етуде. Әр адам заңды біле тұра, оны құрметтеуі шарт. Себебі Ата Заң мемлекеттігіміздің айнасы іспеттес. Осы құжаттың арқасында еліміз барша әлемге Қазақстанның демократиялық мемлекет екенін жария етті.

*Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей өсер еткен ғұмырына
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!
Өркендеп өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық боп қадір тұтып, қастерлеген*

Ата Заң – Азат елдің ар-намысы – деп ақын Айбатыр Сейтақ ағамыз баяндағандай, азат елдің мақтанышы мен ұлтымыздың тірегі болған Ата Заңымыз әділдік туын көксей беріп, ғұмыры ұзақ болғай.

Бетті дайындаған Назгүл РАБИЛОВА



МАҒЖАН ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ



Менің алдымда бірнеше көркем шығармалар жинағы жатыр. Осы кітаптардың әрқайсысын қолыма алып қарап отырдым да, халқымыздың ақыл-ойының шежіресіндей сөз маржанына тұнып тұрған Мағжанның өлеңдер жинағын оқуға кірістім. «Жақсы кітап — жан азығы» дегендей, оқыған сайын қызыға, тамсана түсемін. Әр өлеңін оқыған кезде, өлеңмен өрілген суретті көз алдымнан өткізіп, бір сәт ой жетегіне еремін. Қайран асыл ағалар! Халқын, жерін, елін еңіреп сүйген асыл ерлер-ай!

Өз елін сүю сезімі жер жүзіндегі барлық адамзатты сүю сезіміне алып барады.

М. Жұмабаев



«Сіздің бұл мұраларыңыз мәңгілік өлмес, өшпес жыр болып, бүкіл ел жүрегінде жатталып жатқанын, қазақ даласының көгінде қалықтап ұшып жүргенін сезер ме екенсіз» деп ойлады.

Шынайы өнер иелері мен қас таланттардың халық жүрегінде мәңгілік сақталары заңдылық. Бұл заңдылық Мағжан Жұмабаевтың атына да қатысты. Мағжан ақын өлеңдері жарты ғасырдан аса ел көзінен таса жерде ұсталды, ата жұрты сол кәусар жырларды бір көруге зар болды. Тағдыр толқындарынан, тар жол тайғақ кешулерден өткен Мағжан халқының ортасына оралды. Бүгінгі күні өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанғандай рухани қуанышқа кенелді біздің ел. Өз елін, туған жерін, қазақ ұлтын бар жанымен сүйген ақын Мағжан тағдыры – ел мен жер, ұлт тағдыры. Қайта тірілген, қайта лап етіп жанған отымыздың ұшқынындай

сыршыл да нәзік сезімді кәусар жырларды бүгін қолымызға алып, ешкімге жалтақтамай оқитын болдық.

*Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім — патша, өзім — қазы, өзім — би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді? —*

деп, ақын кезінде-ақ сан қилы тағдыр қыспағы мен қиындығына қарамастан, мәңгі өлмес өмір мен жыр жолдарының болашаққа мұра болып қалатынына нық сене жырлаған екен.

Жасынан орысша оқып, орыс халқының мәдениетіне еркін жеткен Мағжан қазақ поэзиясына аса талантты болмысымен келді. Екі ананы тел емген ақын қазақ ауыз әдебиетінің тұнығына қана отырып, жарқ етіп шыққан Абай поэзиясын да өзіне ұстаз тұтты. Оның талантына табына отырып:

Шын хакім, сөзің асыл — баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес, - деп өз жүрегінің ұстазына деген ризашылығын осылайша білдірді.

Мағжанның поэзиясы екі ғасырдың жалғасқан жылдарына тура келді. Қоюлана түскен тарихи оқиғалар, тап күресінің жалын ата лаулаған кездері ақын поэзиясына өз өрнегін салды.

Мағжан — ең біріншіден, елін, жерін, ұлтын сүйген ақын. Ол отаршылдықтың езгісін көрген, күйзелу үстіндегі халықты қанша аяса да, өз жырларында бейшара етіп көрсетпейді. Кең даладағы шапқан ат, ат құлағында ойнаған, асаумен алысқан, сағынышы мен ән-күйін шырқаған, жасыл даласын, жайқалған орманы мен көл-дариясын сүйетін де қорғайтын қаһарман халық етіп көрсетеді.

Мағжанның қай тақырыпқа жазған өлең жолдарын оқысаңыз да тылсым бұғандай әсерге енесіз, таң қаларлық күй кешесіз, әсем суреттер дүниесіне кіресіз де, алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның құдіретті суреткерлік шеберлігін танысыз. Ақын тауды жырласын, даланы жырласын, жазғы таң мен қысқы кешті, ай мен күнді

суреттесін, алдымен, өзінің ішкі жан-күйі тұрады, сонысымен айналасын бірге толғандырып, бірге тербетеді. «Жел» атты өлеңінде:

*Байқаймын: жел ұзақ жолда жабыққан,
Қасірет басып Сарыарқадан тарыққан.
Алып келсе керек ауыр аманат,*

Абақтыдағы азаматқа зарыққан, -

дейді. Бұл өлеңде ешкім ескере бермейтін табиғаттың құбылысы желдің тұтқын үшін амандық-саулық, туған жер, өскен елден келген сағыныш, жақсылық хабаршысындай болуы соншалық шебер бейнеленген. Ақын желді адам бейнесінде суреттеген. Табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, астасып жатыр. Ақын суреттеуінде желге де, далаға да, көк аспан мен бұлтқа да жан бітіп, адамның өзімен тілдеседі. Міне, ақынның таң қалдырар ғажайып суреткерлігі, тамаша сыршыл ақындығы.

Оның қай өлеңін оқысақ та «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез, жүректің қыл қобызын шертер ғажайып әсер сезінеміз. Мағжан өлеңдерінің сыршылдығына, биік ақындығына баға берген ұлылар сөзіне көңіл бөлейікші.

«Ақындық жағына келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байытуда Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», — деген екен ақынның суреткерлік шеберлігіне, жаңашылдығына риза болған академик жазушымыз С. Мұқанов.

Суреткер жайлы ағалар осылай өз лебізін білдірсе, бүгінгі ұрпақ та оның талантына бас иіп, арада сан жылдар өтсе де оның шынайылық шеберлігіне тағзым етеді. Поэзияның сұлулығын оқыған адам түсінеді. Көркемдіктің келелігі ақын жанының сыршылдығына байланысты ғой. Мағжан өлеңдері, қашан болмасын, адам жүрегін баурап алатын сыршылдығымен ерекшеленеді. Сондықтан болар оның шығармалары әдебиет әлемінің шоқ жұлдызы тәрізді болып, өзіндік өрнегімен

оқшауланады. Мағжан биігі — бүгінгі күнде де оның ерен шеберлігінің ұмытылмауында, халқының берген жоғары бағасында деп ойлаймын.

Аға ісін жалғастыру — ұрпақ еншісі. Атадан қалған асыл мұраларды қастерлеп, болашақтың кәдесіне жарату, ары қарай жалғау жас буын парызы болып саналады ғой. Мағжан Жұмабаев төл әдебиетімізді биікке көтере білсе, біздің парызымыз — оны сол дәрежеден түсірмей, одан ары көтеру, дамыту. Яғни, Мағжан салған поэзия даңғылымен адаспай әдебиет төріне жетуіміз керек. Мейлі, бәріміз Мағжандай шебер ақын, шынайы суреткер бола алмайтынымыз рас. Дегенмен, арамызда қаламына жел бітіп жүрген талаптылар табылады. Талантты талаппен шыңдап, жігермен қайрасақ, кім білсін, Мағжанның жолымен біз де бір белеске шыға алармыз.

Түйін. «Болмасаң да ұқсап бақ», — деп дана Абай айтқандай, ұқсауға тырыссақ та жаман болмас. Адамдық үлгі басқаға қарап түзеледі. Демек, біз Мағжанның ізбасарлары, ісінің жалғастырушысы боламыз десек, соған қарап үлгі алып, шыңдалуымыз қажет. Тамшыдан теңіз құралады. Аздаған үлгі мен алған ақылдан Мағжан қасиетінің сызбасы шықпасына кім кепіл?! Аға рухының алдында басымды ие отырып, оған деген көңілімдегі ойым мен берер уәдемді:

*Ұлт тағдырын ойлауменен өттіңіз,
Жарық жұлдыз, ерте сөніп кеттіңіз.
Сыршылдық пен нәзіктікті, пәктікті,
Келешекке мәңгі мұра еттіңіз.
Неткен ғажап, әлемі еді жыршыңыз!
«Жыр — Мағжан» деп, әндемеді қырымыз.
Сіз тілеген егемендік елесін,
Елің бүгін өрлетуде, сеніңіз, — деп білдіргім келеді.*

Іңкәр Манап,
Павлодар қаласы №25
жалпы орта білім беру
мектебінің 9 сынып оқушысы

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ЖАҒАНДАНУ

Қазақ елі береке-бірліктің, бауырмалдық пен мейірімнің ордасы болатын. Тасын түртсең тарихы сайрайтын текті даланың топырағы, шерлі кезеңді шежіре етіп тарқатқан абыздардың өлкесі еді. Ән-күйі әуелеп шаттықтың шырайын енгізген дарқан даланың кең пейілді қазағы едік. Намысымыз наркескен, батырымыз білекті, хандарымыз жүректі елдің ұрпағы едік. Дәстүр мен дінді дәріптеп, ұлт пен ұрпақ үшін өмір мен өлімге де бетпе-бет келген халық болғанбыз.

Біз кешпеген қасірет те қалмады, отарлау саясат оғыландарымызды жалмады. Кешегі қалмақты ойсырата жеңген қазақ, алпауыт Қытайдың азуында кетпес үшін ұрпақ жалғастығын ойлаған бабаларымыз Ресейге отар болды. Иә, сол тұс рухымыздың жаншылып, тіліміздің күрмелген шағы еді. Бірақ ол мәңгілік емес, уақытша болған бодандығымыз болды. 1986 жылғы көтеріліс Кеңес Үкіметін тәубесіне келтіріп те үлгерді. Сол сәт сан ғасырлар бойғы азаттық арманымыздың алауын жаққандай болды. Шүкір делік, 1991 жылы «Тәуелсіз» атандық. Елдік іргеміз бекіп, еңсеміз түзеле бастап, есіміз кірді.

Міне, жаңашылдыққа құмарлығымыз

арта түсті. Аңсаған арманымызды абыроймен көтеруді ойладық. Жаһанға танылу үшін «Жаһандану» деген ұғымға мән бердік. Бұл термин біздің босағаны да тез-ақ аттап үлгерді. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет енгізген 1983 жылы америкалық экономист Т. Левита екен.

Біз бұдан не ұттық? Біздің еліміз дамыған елдермен тығыз байланыс орнатты. Саяси-әлеуметтік мәселелерді шеше бастадық. Ел экономикасын тұрақтандырдық. Әлемдік аренада, спортта да көк туымыз желбірей бастады. Азияданы өткеріп, ЕКСПО-ға да есіміз кетіп дайындыққа кірістік. Бұл қаншалықты жемісін бергенін өзара пайымдаған боларсыз.

Біз неден ұтылдық? Жоғарыда аталып өткен қазаққа тән рухани-адами байлықтан айырылды. Жыланның да басына сүт құйып шығаратын жомарттығымыз жойылып, туыс арасындағы алакөздік өршелене түсті. Намысты ұрпақ түбірімен ездеу болып барады. Ұлтшылдық, Отансүйгіштік тонғаннан емес, тойғаннан секіргенімізді көрсетіп жүр. Тіптен сатқын ұрпақ тәрбиелеп жатқандаймыз. Оған себеп — осал заң, өркөкірек мінез, ұлттың құндылығын менсінбеу. Мәдени жаһандану — ол да бізге жемісін беріп жарытқаны шамалы. Батыстың барабаны сананы ұлап, есірті де есігімізді теуіп кіріп терімізге жайғасты. Дәстүріміз жойылып — ұлымыз намыстан, қызымыз

қылықтан айырылды. Некесіз сәбилер қаптап, жетімдер үйі қазақ даласына келді. Құдайымыздай құрмет көрсететін ата-аналарымыз қарттар үйін жағалап кетті. Төбесінен ұшақ ұшпаған даламыз гептилді улы да жұтып үлгеруде. Есесіне кемтар бала мен кемелсіз болашақты әкелдік. Қысқасы, абыройдың құлына айналып, сараңның садақасын алдық.

Міне, «Жаһанданудағы» жеткен жетістігіміз бен жіберген еншіміздің қысқаша тізбегі бұл. «Ел болам десең — бесігіңді түзе» деген осы болар.

Еркебұлан Асылбаев,
Павлодар қаласы №25 ЖОББМ
мұғалімі



Әңгіме адамгершілік жайында

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің медиаорталығы қазақ журналистикасының қарлығашы Ләзиза Серғазина атында. Белгілі журналист биыл қыркүйекте 107 жасқа келер еді. Еңбек жолын Ләзиза Мешітбайқызы «Социалистік Қазақстан» газетінде бастап, «Қазақстан әйелдері» журналында жалғастырды. Ол еліміздің әйелдерге арналған бас басылымының дүниеге келген күнінен бастап ыстық-суығына көніп, бар ғұмырын осы журналға арнаған жан. Ләзиза апамыздың «Қазақстан әйелдеріне» жарияланған мақаласын ұсынамыз.

Бала, балдырған, бал бөбек! Осы бір сөздердің өзі ғана тілге оралымды, жүрекке жылы тиеді, көз алдында бүлдіршіндей сәбиді, жаздай жадыраған әсем күлкілі, судан таза, сүттен ақ пәк жанды елестетеді. Адам өмірін қызық думанға айналдырып, бақытқа бөлейтін де бала. Осы баланың болмауы кейде сүйіскен жарлардың махаббатына кірбің туғызатын кездері болады. Сол асыл махаббаттың көркі, көңіл күйін көріктендіре түсірер зейнеті бала үнінің жетіспеуі шат көңілді күңгірт шалдыра береді емес пе!

«Құс баласы үшін торға, арыстан баласы үшін қолға түседі», дейді халық мақалы. Жұдырықтай құс балапандарына төнген қауіпті көргенде, оларды құтқарып қалу үшін жанталасады, өзінен әлдеқайда күшті де құдіретті жауға жасқанбай қарсы ұмтылады. Осы балаға деген махаббаттан туған жанқиярлық қимыл, көзсіз ерлік жыртықш жауды еріксіз шегіндіретін кездер жиі кездеседі.

Адамзат қауымының балаға деген сезімі, махаббаты саналы ойға негізделгендіктен, ерекше қастерленіп сақталады. Балаға деген махаббатқа оны тәрбиелеу, оқыту, шын мәнінде адамдық қасиетке баулу міндеті жалғасады. Адам жанының сұлулығы, тазалығы, үшін күресетін біздің елде балалардың рухани санасының дұрыс қалыптасуына айырықша мән беріледі. Бала біз үшін тек көңіл жылытар алданыш емес, алға самғаған арманымызды жүзеге асыратын, өмірдің барлық саласында да бүгінгі ұрпақ бастаған істі әрі жалғастыра беретін жаңа адамдар. Біздің еліміздің балдырған бақытынан аяры жоқ. Көп балалы аналарға арналған мемлекет жәрдемі сол балалардың кемтарлық көрмей, шат та бақытты өсуін көздейді. Жыл сайын молая түсіп отырған балалар бақшалары мен яслилері, мектеп-интернаттар олардың адамшылық қасиеттерін арттыра беруге назар аударады.

Советтік семья – коммунистік қоғам құру жолымен тең басып келе жатқан зор қауымның бір ұясы. Алғашқы іңгімен өзінің дүниеге келгенін хабарлаған балдырғанның болашақ бақытының іргесі осы семьяда қаланды. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» деген данышпандық мақал тегін айтылмаған. Ата-ана махаббаты мен тәрбиесінің қаншалықты саналы, тұрақты болуына қарап, баланың ой-өрісі жетіледі, өмірге, адамдарға, айналасындағы болмысқа деген көзқарасы қалыптасады.

Сәби жанын жаралап, оның адамға, өмірге деген сенімін жойып, даңғыл жолдан адастырып кететін басты себептің бірі – семьядағы алалық. Үй ішінде бірлік, береке болмаса, ана шайпау, әке қатал болса, балада маза да, тәрбие де болмақ

емес. Мұндай ата-налар үй-ішінің қиқым әңгімесін, өз көңілдерінің аумалы-төкпелі мақсаттарын бала бақытынан жоғары қояды. Өмір қызығы, дүние гүлі балдырған бақытына жауаптылық – екенін ондайлар естен шығарады.

Жаңа туған нәрестесінің есімін Бақтылы атаған коммунист Оңдасынның болашаққа сенімі зор еді еді. Бірақ ауыр науқас ажал құрығына іліндірді. Оңдасын дүние салғанда, өрімдей боп өсіп қалған Бақтылы 9 класта оқып жүрген. Екі көзі жоқ әже, үй шаруасындағы әйел – ана Бақтылыны бауырларына басып қала берді. Дағдарып отырған жетімдерге Құлынтаев Жамалатдин тап бола кетті. Бақтылыны бақытты етуге, аналарды өз қамқорлығына алуға ант-су ішіп уәде берді. Сөйтіп, 16 жасар Бақтылыға отыздағы Құлынтаев үйлене қойды. Бұл 1957 жылы болатын. Бірақ Құлынтаев опасыздық етті. Қазір 24-ке толған Бақтылыны 4 баласымен тастап, ескі әдетіне басты. Ол бұдан бұрын алты әйел тастаған екен. Алаяқ Құлынтаев мұнымен де тынбай, барлық үй мүлкін сыпырып алып кеткен, балаларға жәрдем беріп қарасып тұрудан бас тартады.

Құлынтаев сияқты ардан безгендер көп емес, оларды тезге салуға болады. Ал, жұртшылықты қынжылтатын басқаша жағдай: Арал қалалық соты Бақтылының берген арызын қарап, шиедтей 4 балаға айына 20 сомнан алимент, мүліктің үштен бірін ғана кесіп береді. Бұл үкімнің түріне қарағанда, халық сотындағылар төрт балаға мұны да беруге үкім шығармас еді, тек өз қолдарында отырған советтің әділ заңының зауалынан именген болар! Істі заңмен дұрыс шешуге тырысқан сот қашқын әкенің бар мүлкін сәбилердің пайдасына алып беруге үкім етер еді. Ол ол ма! Арал қалалық сотының үкімін бекітуге жібергенді, Қызылорда облыстық соты балаларға тиісті мүліктің жалпы соммасы 2300 сомды да көпсініп, қайта қарауға жібереді. Үкім соңынан қуып облысқа барған Құлынтаев өз күшігін өзі жеген қорқау қасқырдай масайрап кері оралады. Ал, не алимент жоқ, не мүлік жоқ, аш, жалаңаш төрт бала отыр. Алды бес жасқа толмаған дәрменсіз сәбилердің қынайдай халде қалғанына Құлынтаевпен қатар облыстық сот орындары да кінәлі десек, артық айтқан болмайтын сияқты.

Бала тәрбиесі оны дүниеге келтірген ата-ананың өз жұмысы емес. Коммунизмнің болашақ құрлысшылары – балаларды дені сау, көңілі жарқын, ойы озық етіп тәрбиелеу – әрбір ата-ананың қоғам алдындағы борышы.

Енді ғана ес біліп, өмірге жаңа аяқ басып келе жатқан сәбиге ата-ананың ажырасуы үлкен соққы. Баланың нәзік те әсерленгіш ойын мұндай жағдай қатты қинайды, назаландырады. Балаға енжарлық, ала көңілдік пайда болады,

сабақты нашар оқи бастайды, қиқар мінездер шығарады. Ақыры, не егеске берілген тентек, не барлығына да селғос қарайтын ынжық болады.

Ғалымжан бұдан үш-төрт жыл бұрын өзінің «жаңа махаббатының» құрбаны етіп кеткен үш бала қазір бұрынғыдан гөрі де ес біліп қалды. Үлкен екі ұл интернатта оқиды. Кішкене қыз бала анасының тәрбиесінде. Кіші ұлды көрген бір ағайынның: «Әкеңнен айнамай қалыпсың ғой. Мұрнын қарашы, аумаған әкесі!» деген сөзі балаға ауыр әсер етеді. Үйге келіп жылап отырған баладан: «Саған не болды?» деп сұрағанда: «мұрынымды пышақпен кесіп тастар едім!» дейді. Әкесіз қалу бала жүрегіне қаншалықты жара салып, қандай жиреніш туғызатынын осыдан-ақ көруге болады. Бала жүрегін қансыратып, олардың өмірге, адамға деген сенімін жою – партия алдында, қоғам алдында қылмыс.

Ана мен бала – бір-бірімен ажыраспас ұғым. Ананың балаға деген махаббатын мұхитқа, кең байтақ аспан әлеміне теңеу тегін емес. Опасыз ер, тұрақсыз әке шулатып кеткен талай-талай аналар бала бақытына жас өмірін сарп етіп отыра береді. Өз басының қызығын бала жолына құрбан етеді. Бұл жалпы анаға тән қасиет.

Әлемге өмір әкелуші қасиетті аналар қауымның ішінен де кейде некен-саяқ арамзалар кездессе, ол естіген құлақты түршіктіріп, жүрек тітірентпей кете алмайды. Ананың баладан безуі деген жалпы адамдық ұғымға жат қылық. Ондайларды халық «жұмыртқасын көрінген жерге тастап кеткен көкек», дейді.

«Біз төменде қол қойған Құлсары поселкалық Советінің депутаттары», – деп басталады акт. Бұл актыда азаматша Сара Балжігітованың 1962 жылы 15 февральда туған қызынан да, аналық праводан да безгендігі айтылады. Сара әлі қырқынан шықпаған сәбиді ешбір шімірікпестен поселкалық Советке әкеліп тастайды. Жас әке Төлеубаев Нұғыман нәрестені өз қолына алды, ана сүтін ембеген бөбек ауырғанда ана орнына ауруханада баламен бірге өзі жатты.

Аналарға тән дүниедегі ең қасиетті сезімді аяқасты еткен Балжігітова Сара әкесі Құдайберген Балжігітовтың үйіне барып, қанен қаперсіз отыр.

Жаңа қоғам – жоғары моральдық қасиетті адамдар қоғамы мұндай өрескелдікке жиренбей қарай алмақ емес. Жаңа қоғамның өзіне тән жаңа моральдік заңы бар. Ол заң – Сара Балжігітова сияқты бізге жат моральдің адамдарын аяусыз айыптайды. Аналар сезімін, әрбір сәбиге деген халық махаббатын қорлаған Сараның ісі біздің қоғам үшін тым жабайы, тым жат.

Балғындар бақытты партия мен үкімет қамқорлығында. Біздің болашағымыз – балалар бақытын күйретіп, қоғамымызға жат іс істеушілерге аяушылық болмаса керек. Оларға барлық жерде де төзбестік жағдай жасалып, бүкілхалықтық тезге салынуға тиіс.

**Ләзиза Серғазина,
«Қазақстан әйелдер», 1962 ж.
(Мақала Л.Серғазинаның өзінің қолжазбаларынан алынған)**

Тәрбие туралы әр елдің мақал- мәтелдері

*Ақылдың бағасы, тәрбиенің шегі жоқ.
(Адыгей)*

*Ең асыл мұра – жақсы тәрбие.
(Әзірбайжан)*

*Адамды ақылды ететін тәрбие.
(Ағылшын)*

*Тәрбиесіз адам – жансыз дене.
(Араб)*

*Тұзсыз балық, бағусыз бала бұзылады.
(Вьетнам)*

*Жетімдіктің үкені тәрбиесіздік.
(Түрік)*

*Білімнің болмаса да, өнегелі тәрбиең болсын.
(Жапон)*



Гүлдер туралы аңыздар



Қызыл роза – гүлдер патшасы аталған. Ешбір гүл әлемге мұндай әйгілі болып көрген емес. Бұдан алты жүз жыл бұрын роза гүлін гректің ақын қызы Софо жырға қосқан.

Розаның қайдан пайда болғандығы туралы сан алуан аңыздар бар. Гректердің бір аңыздарында роза құдай әйел Афродитамен бір мезгілде Кипр аралының жағалауында, теңіз суы толқыны аспанға ата тулағанда соның көбігінен пайда болды мыс. Екінші бір аңыздарда: Эрот құдайдың құрметіне той болып жатады. Эрот бір сұлумен дөңгелене билеп жүргенде аңдаусызда бал толтырылған сауытты ақтарып жіберген. Сол сәтте-ақ, айналада



үлпілдеп тұрған ақ гүлдің бәрі қызыл түске бөленіпті де, хош иісі аңқып, бөлме ішін алып кетеді. Содан бастап ол гүлдер патшасы болыпты мыс.

Француз корольдігінің эмблемасы ақ лилия гүл екен. Бұл гүл ерте заманғы египеттіктер өмірдің, өмірге қайта оралудың символы санап, түрлі ескерткіш тастарға бейнелеп қойған.

Хризантема талай ғасырлар бойы Жапонияның ұлт гүлі болып келді.

Ал шығыста ең көп тараған лотос гүлі ерте заманғы Мысырда Нілмен қатар құрметтеліп, тіршіліктің символы саналған. Мысырлықтар бұл гүлді өздерінің асыраушысы және тіршілік нәрі деп танылған Ніл өзенімен бірдей қасиет тұтқан.

**Ләзиза Серғазина
(Л. Серғазинаның қолжазбаларынан алынған).**

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛМІЗ



«Бірлік қайда болса, ерлік сонда, еркіндік қайда болса, елдік сонда» деген осы бір даналық сөзді берік ұстанған біздің халқымыздың бүгінгі тірлігі мерекелі де берекелі болып отыр. Елімізде тұрып жатқан жүз отыздан астам ұлт пен ұлыстар көк байрақтың астына бірігіп, жарасымды да үйлесімді ғұмыр кешуде.

Бүгінгі аумалы-төкпелі заманда көптеген елдердің берекесі қашып, кеше ғана бейбіт күн кешкен мемлекеттер бүгінде іргесі сөгіліп, бүлікшілердің мекеніне айналып отыр. Бұндай елдерде тұра алмаған халық тыныш өмір іздеп, басы ауған жаққа туған жерін тастап кетіп жатыр. Ия, бұл – бірлігі мен татулығы жоқ елдердің басынан кешіп отырған жағдайы.

Қазақ халқы бірлігі жоқ елдің тірлігі де оңбайтынын жіті түсінген. Бірлікті көздің қарашығындай сақтау керек екендігін ұрпаққа аманат етіп қалдырған. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді халық даналығы. Ал Төле би: «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» десе, атақты Қазыбек би: «Біз үш жүз қазақ керіспейік, асылы бізге керіскен жөн емес» деп бірлік пен татулықты келер толқынға өсиет етіп қалдырған. Ал аманатқа адал болу, бабалар сөзіне берік болу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы.

Еліміздегі татулықты сақтау мақсатында Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрылған еді. Бұл ұйымның бастамасымен талай жылдардан бері елімізде игілікті істер атқарылып келеді. Ассамблеяның қара шаңырағының астына еліміздегі барлық ұлттар бірігіп, өзара достық байланыс орнады. Әрбір ұлт пен ұлыстар өздерінің тілі, діні, салт-дәстүрін кеңінен таныстырып, насихаттай бастады. Сөйтіп елімізде ұлтаралық әдеби-мәдени байланыстар нығая түсті. Біздің елде осындай көріністерді жиі байқауға болады. Қазақ өзге ұлттың тілінде ән шырқаса, өзге ұлт өкілдері қазақтың «Қара жорғасын» билеп, қазақша ән шырқағанын тындап таң қаласыз. Мен осы көріністерді көргенде, іштей тәубе қылып, осындай елде тұрғаныма мақтан етемін.

Міне, менің елімнің бірлігі осындай. Мен бірлігі жарасқан елде тұрғанымды мақтан етемін.

Қазақ «Елу жылда ел жаңа» десе, Қазақстан

жиырма жылдан астам уақыт ішінде түбегейлі өзгеріп, түрленіп шыға келді. Қазіргі кезде еліміз әлемге әр қырынан танылуда. Соның бірі әлем елімізді бейбітшіліктің елшісі деп біледі. Өз еркімізбен ядролық қарусыз ел атануымыз – бүкіл әлемдік өркениетке ықпал еткені анық. Әлемдік дін және конфессиялар басшыларының дәстүрлі съезін өткізу, Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының құрылуы – Қазақстанды нағыз бейбітшілік ел екенін дәлелдеп отыр. Еліміз әлемдік саясатта, экономикада және басқа салаларында өзіндік орны бар мемлекетке айналды. БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ және т.б. көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі, яғни құрылтайшысы ретінде еліміздің аты жиі аталатын болды.

Қазақ елі әлемде мәдениетімен, әдебиеті және спортымен танылуда. Әлемдік сахналарда өнер көрсетіп жүрген өнер адамдары мен спортшыларымыз баршылық. Сонымен қатар, елімізде халықаралық деңгейдегі мәдени

шаралар мен олимпиадалар да өткізіліп жатыр. Бұл – Қазақстанның халықаралық қауымдастық алдындағы беделі жоғары екендігін көрсетеді. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасы деп білуіміз керек.

Меніңше, бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған ең негізгі міндет – осы тәуелсіздігімізді одан әрі дамыту, бекіту және келер ұрпаққа аманат етіп тапсыру. Мемлекет өнім-бұйымдармен қамсыздандырып, азаматтары сауатты да білікті, инновациялық нәмі зияткерлік әлеуеті зор, ішкі бірлігі мен берекесі мығым елге айналып, Отанымыздың топырағын аялап қорғасақ, халқымыздың саны көбейсе – тәуелсіздігіміздің тұғыры беки түсетіні белгілі. Сондықтан алда тұрған осындай ұлы істерге біздер бей-жай қарамай, өз үлесімізді қосайық.

**Бексұлтан Кабышев,
С. Торайғыров атындағы ПМУ «НАСИХАТ»
СҚК төрағасы.**

ВНЕГЕ

МОҢҒОЛИЯДА ОРЫС ТІЛІНЕН САБАҚ БЕРГЕН ҚЫЗ

Екібастұзға жолсапарға барған сайын Парамоновка ауылының тұсынан өтіп жүреміз. Біртүрлі жүрегім ауырады. Мейрам аға көзі тірісінде: «Өзім алып барамын, ол ауылдың ағайындары бәрі менің туыстарым болып кетті. Моңғолиядан өзім алып келген соң», – дейтін. Баршагүл мен Дәуітхан ылғи да ойымда жүретін. Бір нәрсеге бір нәрсе себепші. Осы жақында «Ауылдың, мектептің аты өзгермей тұр...» деп ұзаққа жазылған хат келді. Оралман ағайындар тұратын Парамоновка ауылынан екен. Содан, келе сала таныстарымды іздедім.

– Баршагүл аман-есен осы ауылда. Жақын бөлімшеге ағылшын тілінен сабақ беруге кетті, – деді мектеп директорының орынбасары Гүлнәр Байезова.

Марқұм Мейрам Балтабайұлы әңгімешіл еді. Екібастұздың ауылдарын аралаған бір жолғы жолсапарымызда қасымызда жүріп, нағыз газетке сұранып тұрған тақырыптарға сай әңгімелердің шетін шығарып айта бастайтын. Содан кілт тоқтап екіншісіне көшетін. Сонда бәрін айтып үлгермейтінін білгендей екен. Оларды кейін бір келгенде жазарсың, сен әуелі мынаны тыңдашы деп, Моңғолиядан ағайындарды қалай көшіріп әкелгендері жайлы аңыздай ғып айтатын еді. Осы күнгі Бәйет ауылының әкімі Доктырханмен де, Әділханмен де Мейрам аға таныстырған. Өмірден өтерін білгендей танысып қалсын деді ме екен. Осы айтпақшы болып отырған кейіпкеріміздің отбасы жайлы ерекше пікірде еді. Өзім алып барамын, олар Парамоновка деген ауылға көшіп кеткен. Моңғолиядан орыс тілінен сабақ берген. Баршагүл мен Дәуітхандар жайлы жаз деуші еді. Сонда бір таңғалғанымыз бар. Әлгі, шет жақтан келген қазақтар білімсіз, бейімдеу керек деген түбірімен қате, білімділері бар. Мысалы, Баршагүл Свердловскіде, Дәуітхан Мәскеуде оқыған, Доктырхан дегенің политолог, бұлар және шетінен «технарлар». Мәскеуде техникалық, медициналық оқу орындарын бітіргендер. Екібастұзға келген ағайындардың біразы орыс тілін жақсы біледі, – дейтін. Бірақ, әттең не керек, Дәуітханның отбасымен танысуға жол түспеді. Мейрам ағамыз кенеттен жүрегі ауырып, өмірден өтті. Өзімен бірге қаншама әңгімелер кетті. Әңгімелер дегенде-ұлттымызға, елдікке, қазақ тіліне, тарихқа қатысты жиған-тергендерді айтып отырмыз.

Енді, міне, қарсы алдымда Баян-Өлгейдің қызы Баршагүл отыр. Арғы аталары бір қауым елді бастап сонау дүрбелең жылдары Қытайдан

Моңғолияға өтіпті. Кішкентайларынан атамекен деп аңсаумен ғұмыр кешкендер Баршагүл сияқты шетте өскен жастардың мәңгілік естерінде қалды. Алыста атамекен, Қазақ елі бар деген елес қана мұнартатын. Таудан ассақ жетерміз деген үлкендердің аңсары ауған атамекен ол кезде қандай алыс еді. Үйде ана тілінде сөйлеп өскендерімен, орта мектепті моңғол тілінде бітірді, моңғол балаларымен бірге ойнап, бірге ержетті.

– Мен 1979 жылы моңғол тілінде мектеп бітіріп, Улан-Батордағы шет тілдер институтына түстім. Орыс тілі пәнінің мұғалімі деген мамандық алдым. Ресейдің Свердловск қаласында білімді толықтырып, жолдамамен Қобда ауданының Буянта деген ауылына келдім. Моңғолиядан ол кезде шет тілі ретінде – орыс тілі оқытылатын. Сол жерде моңғол, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ бердім. Өрине, көпшілік жұрт таңғалуы мүмкін. Өйткені, Моңғолиядан келген біздер туралы әртүрлі сөздер естіп жүреміз. Бірақ, бұл елдің сол кездегі саясаты солай болды ма, біздер қазақ балалары бәріміз де орыс тіліндегі үйірмелерге бардық. Орыс тілін білуге талпындық қой. Мұғалімдікпен қатар сумын дейді, біздіңше аудан, әйелдер ұйымының төрайымы, сумын депутаты болып сайландым. Буянта шалғайдағы ауыл саналады. Ауылдың, әсіресе, әйелдердің тұрмыс жағдайларын, көп балалы аналарға қолдау, денсаулықтарын жақсарту жолдары және жалпы қоғамдық жұмыстарға белсене араластым, – дейді Баршагүл.

Жастық күндерде, студент кезде таудың арғы бетіндегі Қазақ елі, атамекендері барын біле бастаған, түсіне бастаған уақыт та келіп жетеді. Қазақ жастары бас қосқан кештерде ән арқылы сағыныштарын басатын. Студент жастар бірлесіп, «Ұшқын» атты ұйым құрады. Қосыла ән шырқап, туған жер Атамекенді көруді, қазақтың ортасына жетуді жастар да армандай бастаған

кез. Моңғолия жаққа қалай, неге келгендерін біліп алған соң, олар таудың арғы бетіне жетуге асыға бастады. Баршагүлдер құрған студенттердің «Ұшқын» ұйымының мақсаты – жастардың ана тілдерін ұмытпаулары, салт-дәстүр, жөн-жоралғыларды сақтап қалу еді.

Өйткені, әке-шешелері бір қауіптен қатты сақтанды. Ол қазақ отбасылары моңғолша, орысша оқыса да жастарымыз туған тілдерінен айырылмасын деген берік ұстаным еді. Еліміз тәуелсіздік алған күнді естігенде олардың көздерінде жас, жүректері атамекен деп соғыпты.

Қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев шеттегі қазақтарға «Отанға оралыңдар!» деген сөзі бойтұмардай жүрегімізге мәңгілік жазылып қалды. Елбасына ризамыз. Сол күнгі қуанышты сәтті, көз жасымыздың төгілген сүйіншілеген күйін сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ұсынылған үлкен қызметтерге де, үй-жай, ештеңеге қараған да жоқпыз, атамекенге жетуге асықтық, дейді Баршагүл.

Бұлай дейтіні, жолдасы Дәуітханның мамандығы болса агроном. Ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметтер атқарды. Сол бір 1991 жылдың күзінде Францияда сарымсақтың жаңа түрі бойынша кандидаттық қорғауға бармақшы болса, Баршагүл ағылшын тілін оқып үйреніп, толық курсын бітіріп шығады. Өйткені, сол екі арада Қобдаға таудың арғы бетінен бірінен соң бірі жүк мәшіенелері келе бастайды. Марқұм Мейрам Балтабай бастаған екібастұздық әкімдік мамандарымен бұ жақтағы жұрт қыдырғандай дауыстап, жылап көрісіпті. Сөйтіп, көші-қон атамекенге жол тартты. Ол кезде Екібастұзда Даниал Ахметов әкім болып тұрған кез екен.

– Қазақ тілін жақсы білесің, – деп, Мейрам ағаны ағайындарды алып келетін топты басқаруға, алыс жолға аттандырған да Ахметов.

– Қобдаға жеттік пе дегенде, жүрек толқып, көзге



жас келді. Бір минутта шыдап тұра алмадық, бізді құшақтаған қазақтың ой бауырымдап, көріскендері жанға қатты батты, – деп еді Мейрам аға.

– Алғашында Екібастұздың Өлеңті ауылына келдік. Үй берді. Қорамызға мал салды. Барлық жағдай жасады. Қазір өзіңіз көргендей Ақсу қаласына қарасты Парамоновка ауылында тұрамыз. Елге оралған ағайынмен орта толды.

Ауыл мектебінде ағылшын тілі пәнінен сабақ беремін. Баршагүл Баян деген аты-жөнім бар қарапайым мұғаліммін. Сіз сұрап отырған ғалым, агроном – жолдасым – Дәуітхан шағын жеке шаруашылығы бар, қиындықтар да болды, бірақ бәрін жеңді. Ал, көп тіл білгеннің артығы жоқ. Иә, ана тіліне ештеңе жетпейді. Қызымыз Алтынай да – шет тілінің мұғалімі, ұлымыз Еркетай – заң маманы, Алтыннұр – психолог, үшеуі де жоғары оқу орындарын бітірді. Кезінде Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романын моңғолша оқыдым. Қазір өз тілім – өзегім, өз жерімдемін, балаларымызды ата-баба аманат еткен-атамекенге жеткіздік. Бұдан басқа арман жоқ. Кенже ұлымыз Исатай атамекенде туды, ұрпақ жалғасы, «Ұшырған ұясынан балапан қаз» деген осы, – деді Баршагүл қоштасарда.

Фарида БЫҚАЙ, «Егемен Қазақстан».

**МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павло-
дар мемлекеттік
университеті**

Редактор:
Жанар Елешова
Дизайнер: Е. Абенов
Жауапты хатшы: Н. Рабилова
Тілшілер: А. Тилей, Н. Ра-
билова, Ұ.Төлеу, А. Ерманат,
Б. Кабышев, М. Сүлейменов.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан,
А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• Таралым «PrimaLux» баспасында басылған. Мекен-жайы: Екібастұз қаласы, Әуезов көшесі, 15. Тел: 8 (7187) 75-50-44.
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № Г15-3170